

"Қостанай қаласында орналасқан салық салу объектісі бірлігінен тіркелген жиынтық салығы ставкаларының көлемдерін бекіту туралы" Мәслихаттың 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 244 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2006 жылғы 12 желтоқсандағы N 321 шешімі. Қостанай облысы Қостанай қаласы әділет басқармасында 2007 жылғы N 9-1-62 тіркелді. Күші жойылды Қостанай облысы Қостанай қаласы Мәслихатының 2009 жылғы 2 ақпандағы № 162 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды Қостанай облысы Қостанай қаласы Мәслихатының 2009 жылғы 2 ақпандағы № 162 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңның 6-бабына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексіне (Салық кодексі) және Қостанай қаласы бойынша салық комитеті ұсынған мәліметтері негізінде, Қостанай қалалық Мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Қостанай қаласында орналасқан салық салу объектісі бірлігінен тіркелген жиынтық салығы ставкаларының көлемдерін бекіту туралы" Мәслихаттың 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 244 шешіміне (мемлекеттік тіркеу нөмірі 9-1-45, 2006 жылғы 19 мамырдағы N 54 "Қостанай" газеті") мына өзгеріс енгізілсін:

аталған шешімге қосымша осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы, N 5 сайлау

округі бойынша депутаты

Қалалық Мәслихат хатшысы

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан	Республикасы	қаржы	
Министрлігі	салық	комитетінің	
Қостанай	облысының	Қостанай	
қаласы	бойынша	салық	комитеті"
мемлекеттік мекемесінің төрайымы			
Мәслихаттың			
2006	жылғы	12	желтоқсанда
шешіміне қосымша			

**Қостанай қаласында орналасқан салық салу объектісі
бірлігінен тіркелген жиынтық салығы ставкасының
көлемдері**

	Тіркелген жиынтық салық салу объектісі	Бір жылға айлық есептік көрсеткіштері бойынша бір объектіге тіркелген жиынтық салығының ставкасы
1	ойын үстелі	2200
2	бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ақшалай ұтысы бар ойын автоматы	50
3	біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған, ақшалай ұтысы бар ойын автоматы (электрондық рулетканы қоспағанда)	80
4	электрондық рулетка	100
5	тотализатор кассасы	200
6	букмекерлік кеңсе кассасы	200
7	бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ақшасыз ұтыс ойын автоматы	10
8	біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған, ақшасыз ұтыс ойын автоматы	15
9	ойын өткізу үшін пайдаланылатын жеке компьютер	10
10	ойын жолы	500
11	карт	25
12	бильярд үстелі	120
13	лото ұйымдастырушы	80